

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қаңтардағы N 20 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 12 маусымдағы N 578 Қаулысымен

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.06.12. N 578 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 29, 266-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтың үшінші және төртінші абзацтары алынып тасталсын; көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

5-тармақтың ж) тармақшасында:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе" деген сөздер алынып тасталсын ;

"2-5" деген сандар "4 және 5" деген сөздермен ауыстырылсын; көрсетілген қаулыға 4-қосымшада:

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"Тауардың атауы" деген бағандағы "Піл сүйегі, маралдың" деген сөздер "Маралдың" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының лицензия беру туралы шешімді келісетін мемлекеттік органы" деген бағандағы ", Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі" деген сөздер алынып тасталсын;

"ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН бойынша тауардың коды" деген бағанның он екінші а б з а ц ы н д а :

"2846" деген сандардан кейін "7110 41 000 0" деген сандармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"8104 11 000 0" деген сандар алынып тасталсын;

"Қазақстан Республикасының лицензия беру туралы шешімді келісетін мемлекеттік органы" деген бағанның он алтыншы және он жетінші абзацтары мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан

Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі";  
көрсетілген қаулыға 5-қосымшада:

"Тауардың атауы" деген бағанның бірінші абзацы мынадай редакцияда  
ж а з ы л с ы н :

"Пестицидтер (улы химикаттар)".

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен  
соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК